A portrait of President N. Nazarbayev, an elderly man with grey hair, wearing a dark blue suit, white shirt, and a blue patterned tie. He is looking slightly to the right of the camera with a neutral expression. The background is a blurred image of the Kazakh coat of arms and the national flag.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА
ЖОЛДАУЫ**

**ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Н. НАЗАРБАЕВА
НАРОДУ КАЗАХСТАНА**

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



NV.KZ НОВЫЙ
ВЕСТНИК



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Білімнің салтанат құруы

Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу.

Прагматизм

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез - құлықтың прагматизмі.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.

Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Сананың ашықтығы

1. Адам жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.
2. Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.

Патриотизм бұл өскен ауылыңа, қалаң мен өңірің, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады

ZHARAR
WWW.ZHARAR.COM




РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

БІЗ ХХІ ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢАНДЫҚ КАРТАСЫНДА

ЕШКІМГЕ ҰҚСАМАЙТЫН, ДЕРБЕС ОРНЫ БАР
ҰЛТ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК, ӘЛЕМ БІЗДІ
МӘДЕНИ ЖЕТІСТІКтерімізбен тАНУЫ КЕРЕК

Н.Назарбаев





Қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеті баланың рухани және тәндік мүмкіндігін дамыту, оны оқыту, тәрбиелеу мен өзіндік қабілетінің дамуына жағдай жасау.

Қоғам алдындағы тұрған негізгі мақсаттардың бірі – білім беру жүйесін түбегейлі жаңарту және білім берудің жаңа үлгісін таңдау.

Қазіргі кезеңдегі мектеп әрбір балаға адам ретінде қарап, өзіне тән ой өрісі, еркі, әрекет жасайтын қабілеті бар, батыл пікір айта алатын тұлға екенін ескере отырып
тәрбиелеуге бет бұрды.



02.02.2017 ж. Елбасы Жолдауын талқылау бойынша университетімізде Парламент мәжілісі депутаттарымен кездесу өтті. Депутаттар қатарында «Нұр Отан» партиясының мүшелері Глеб Анатольевич Щегельский, Артур Станиславович Платонов, «Ақ жол» демократиялық партиясының мүшесі Дания Мадиевна Еспаева болды.

Ақпараттық түсіндіру тобының құрамында Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры міндетін атқарушы Бибігүл Абенова да бар. Бибігүл Сейілқызы Жолдаудың 5 басымдықтарының бірі адами капиталды дамыту мәселесіне тоқталды. «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның жаңа тарихи кезеңге дербес мемлекет ретінде аяқ басуының көрінісі. Мемлекетімізді сапалы біліммен қамтамасыз ету, адами капиталды жоғары интеллектуалдық дамыту, білім мен ғылымды мемлекет экономикасына бағыттау елбасы саясатының басты басымдықтарының бірі болып отыр» - деді ол.

Депутаттар Елбасы үндеуі мен жолдауын түсіндірді

2 желтоқсан 2017 ж. 439 рет оқылды

Студенттер сарайында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері Глеб Щегельский, Артур Платонов, Дания Еспаевалар мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі Елбасы Үндеуі мен халыққа арнаған биылғы Жолдауын талқылау мақсатында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттермен кездесті.



Жиында алғаш болып сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Асқар Шерияданов Елбасының биылғы Үндеуі мен Жолдауының еліміз үшін, халық үшін маңызы зор екенін айта келе, бүгінгі күні облысымызда осы бағытта қарқынды жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді.

— Біздің мақсатымыз — Елбасы айқындап берген бағыттарды халық арасында толықтай талқылап, оның мен-маңызын түсіндіру, барлық саяси күштермен, қоғам мен қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ел алдында тұрған өзгерістерді саралау, айқындау.

Белгіленген жоспарға сәйкес қазір біздің облыста Елбасының Үндеуі мен халыққа арнаған Жолдауын түсіндіру жұмыстары басталды. Бүгінде ақпараттық-түсіндіру топтары облыстағы барлық аудандарды аралап, тұрғындармен кездесуде. Сондай-ақ облыс орталықтарындағы кәсіпорындарында, жергілікті және арнаулы оқу орындарында, ауылшаруашылығы

Депутаты Мажилиса приехали в Актобе разъяснять послание Президента



Депутаты Мажилиса приехали в Актобе разъяснять послание президента. Сегодня Глеб Щегельский, Дания Еспаева и Артур Платонов встретились со студентами и преподавателями университета имени Жубанова. Обозначенные Нурсултаном Назарбаевым 5 основных приоритетов Третьей модернизации Казахстана безусловно позволят создать новую модель экономического роста, которая обеспечит успешное продвижение нашей страны в число 30-ти самых передовых государств мира, говорилось сегодня. Обратили депутаты внимание молодежи и на учебные программы, которые будут нацелены на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации. Ну, и помимо отдельных положений послания главы государства, мажилисмены разъяснили и нормы внесенного на всенародное обсуждение законопроекта о перераспределении полномочий в ветвях власти.

Количество показов: 346
Дата создания: 02.02.2017 18:17:40



08 ақпан күні Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері арасында Елбасы Жолдауын талқылауға және қолдауға арналған дөңгелек үстел өтті. Жиын барысында Жолдау ішіндегі кәсіпкерлікті жап-жақты қолдау және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту шараларын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды жетілдіру, сапалы кадрлар дайындау мәселелері талқыланды.

